

**"Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 177 Жарлығы
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

Қ А У Л ы Е Т Е М І Н :

1. «Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 11, 120-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережеде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыру, теңгерімдік құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2500000 еселенген мөлшерінен асатын мемлекеттік ұйымдарды және ұлттық басқарушы холдингтердің және олармен үлестес өзге де заңды тұлғалардың еншілес, тәуелді ұйымдарын, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының бәсекелес ортаға беруге жататын еншілес және тәуелді ұйымдарын мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан дағдарысқа қарсы бөлінген қаражатты қайта пайдалану мәселелері жөнінде ұсынымдық шешімдер әзірлеу Мемлекеттік комиссияның міндеті болып табылады.»;

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстанның экономикасын индустриялық-инновациялық дамыту, жаңғырту мәселелері бойынша, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан дағдарысқа қарсы бөлінген қаражатты қайта пайдалану, сондай-ақ теңгерімдік құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2500000 еселенген мөлшерінен асатын мемлекеттік ұйымдарды және ұлттық басқарушы холдингтердің және олармен үлестес өзге де заңды тұлғалардың еншілес, тәуелді ұйымдардың, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының бәсекелес ортаға беруге жататын еншілес және тәуелді ұйымдарын мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру

мәселелері бойынша ұсынымдық шешімдер шығарады;».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Президенті Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК